

Түпқараған ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы

Түпқараған ауданы әкімінің 2015 жылғы 08 шілдедегі № 17 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 21 шілдеде № 2776 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 23 бабының 1, 2 тармақтарына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-ІІ Қазақстан Республикасының Заңының 37 бабына сәйкес, Түпқараған ауданының әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес дауыс беруді өткізу және дауыс санау үшін Түпқараған ауданының аумағында сайлау учаскелері құрылсын.

2. Түпқараған ауданы әкімінің 2011 жылғы 27 желтоқсандағы № 18 "Түпқараған ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы" шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11-6-144 болып тіркелеген, 2012 жылғы 13 қаңтардағы № 03 (493) "Ақкетік арайы" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 23 бабының талаптары сақтала отырып, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы сайлау учаскелері туралы сайлаушылар хабардар етілсін.

4. "Түпқараған ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі (Г.Демеуова) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның бұқаралық ақпарат құралдарында және "Әділет" ақпараттық құқықтық жүйесінде ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

5. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Т.Алтынгалиевке жүктелсін.

6. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Т.Асауов

"КЕЛІСІЛДІ"

Түпқараған аудандық сайлау

комиссиясының төрағасы

А. Қуанбай

08 шілде 2015 жыл.

Түпқараған ауданы бойынша сайлау учаскелері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы әкімінің 12.05.2026 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№ 227 сайлау учаскесі

Орталығы: Форт-Шевченко қаласы, Досан Тәжіұлы көшесі № 16, Маңғыстау облысының білім басқармасының Түпқараған ауданы бойынша білім бөлімінің "Мұрын жырау Сеңгірбекұлы атындағы өнер мектебі" жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

Шекарасы: Форт-Шевченко қаласы, Досан Тәжіұлы, Оразмағамбет Тұрмағамбетұлы, Қабиболла Сыдиықов, Ибаш Жанболатова, Тобанияз Әлниязұлы, Сүйінғара Үргенішбайұлы, Абай, Мырзағали Әлібаев, Мұрын Жырау, Есбол Өмірбаев, Астана, Ермек Дәултоева, Дүйіш Тобышбаев, Байбоз Қилыбайұлы, Сауытбай Масатов, Мұстахи Бимағанбетов, Тілеумұрат Қожабеков, Нұрсұлтан Оңғалбаев көшелеріндегі барлық тұрғын үйлері, сонымен қатар Хиту Бекжанов көшесінің 1-15 тұрғын үйлері, Ораз Бозахаров көшесінің 1-30 тұрғын үйлері, Жазмағанбет Қызылбаев көшесінің 1-40 тұрғын үйлері, Махмұт Батыршев көшесінің 1-20 тұрғын үйлері, Жамбыл Жабаев көшесінің 1-40 тұрғын үйлері, сонымен қатар Форт-Шевченко қаласының Жаңа Кетік шағын ауданы және Жаңа Кетік шағын ауданының I орамына кіретін барлық тұрғын үйлері.

№ 228 сайлау учаскесі

Орталығы: Форт-Шевченко қаласы, Маршал Әбдіхалықов көшесі № 51, "Түпқараған аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің "Түпқараған аудандық Орталықтандырылған кітапхана жүйесі" коммуналдық мекемесі.

Шекарасы: Форт-Шевченко қаласы, Жалау Мыңбаев, Маршал Әбдіхалықов, Шайхы Еркеғұлов, Сатанғұл Тәжиев, Естөре Оразақов, Келімберді Өтебаев, Бәйімбет Маяұлы, Нығмет Шымыров, Иса Тіленбайұлы, Төлесін Әлиев, Мақаш Бектұрғанов көшелеріндегі барлық тұрғын үйлері, сонымен қатар Форт-Шевченко қаласында орналасқан "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріне Әуе Қорғаныс күштері Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлері № 51809 "Д" әскери бөлімі" және "Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі Қарақия ауданы бойынша шекара басқармасы "Түпқараған" шекара бөлімшесі".

№ 229 сайлау учаскесі

Орталығы: Баутин ауылы, 8 Наурыз көшесі № 25 құрылыс, Маңғыстау облысының білім басқармасының Түпқараған ауданы бойынша білім бөлімінің "Жалау Мыңбаев атындағы мектеп-гимназиясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Баутин ауылы, Қашаған Күржіманұлы, Жәнібек Матаев, 8 Наурыз, Виталий Водовской, Сәттігүл Жанғабылов, Қалмырза Берішбаев, Захар Дубский, Жаңа құрылыс, Диханбек Сатимов, Қылыш Нәдірбаев, Құлмырза Саудабаев, Ізтұрған Оразбаев, Абай Қошақбаев көшелеріндегі барлық тұрғын үйлері, сонымен қатар Қазақстан Республикасының Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті шекара қызметінің Маңғыстау облысы бойынша департаментінің 2 дивизионы "Жағалау базасы", Баутино ауылында орналасқан өндірістік кәсіпорындардың жатақханалары.

№ 230 сайлау учаскесі

Орталығы: Баутин ауылының Аташ елді мекені, Әліби Жанкелдин көшесі № 27, "Түпқараған аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің "Түпқараған аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Баутин ауылы Аташ елді мекені, Аманкелді Иманов, Мұрат Өскінбаев, Әліби Жанкелдин, Ақшабай Көпешов, Зауыт, Баялы Ақсамбаев көшелеріндегі барлық тұрғын үйлері.

№ 231 сайлау учаскесі

Орталығы: Қызылөзен ауылы, Сатыбалды Сисенбаев көшесі № 2, Қызылөзен ауылы әкімі аппаратының "Қызылөзен мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

Шекарасы: Қызылөзен ауылы, Сатыбалды Сисенбаев, Ізтұрған Нысанбаев, Дүйсе Бердібеков, Жаңа ауыл, Шамшырақ, Шарай, Жиенбай Мәтібай көшелеріндегі барлық тұрғын үйлері, сонымен қатар Қызылөзен ауылы және "Қарағантүбек" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі аумағында орналасқан мал бағу нүктелері мен жеке шаруа қожалықтары.

№ 232 сайлау учаскесі

Орталығы: Ақшұқыр ауылы, Баланжан Қожашева көшесі № 5, Ақшұқыр ауылы әкімі аппаратының "Ақшұқыр мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

Шекарасы: Ақшұқыр ауылы, Балсұлу Сахиева, Садық Бижанов, Өмірзақ Нұрбаев, Үштерек, Әділхан Тоқбаев, Ұзақбай Есқожаев, Қартбай Бекжанов, Маңғыбай Түйешиев, Тәжігүл Кезбаев көшелеріндегі барлық тұрғын үйлері.

№ 233 сайлау учаскесі

Орталығы: Сайын Шапағатов ауылдық округі, Мақаш Елубаев көшесі № 81, Маңғыстау облысының білім басқармасының Түпқараған ауданы бойынша білім бөлімінің "Ғұбайдолла Айдаров атындағы № 1 мектеп-лицейі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Сайын Шапағатов ауылдық округі, Алтынмұрат Бекенжанов, Ақназар Жақауов, Мақаш Елубаев, Бисембай Мейров, Сәйдім Тумышев, Тасқынбай Шахатов, Сембай Көптілеуов, Маху Абдуллаев көшелеріндегі барлық тұрғын үйлері.

№ 234 сайлау учаскесі

Орталығы: Таушық ауылы, Құлшық Жұбайұлы көшесі № 41, Таушық ауылы әкімі аппаратының "Таушық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

Шекарасы: Таушық ауылы, Сисен Әбдірахманов, Ардагерлер, Төлеген Қағазов, Абыл Тілеуұлы, Хамидолла Елмұханбетов, Құлшық Жұбайұлы, Түмен Балтабасұлы, Мөріш Тышқамбаева, Кетебай Қиынов, Ержігіт Табылғанов, Төлесін Сәменов, Торғай Шоңқалов, Ағия Тлепов көшелеріндегі барлық тұрғын үйлері, Нұрбаулы Тұмсық шағын ауданының барлық тұрғын үйлері, сонымен қатар I, II, III, IV орамдарына кіретін барлық тұрғын үйлері, Таушық ауылының және "Таушық ауыл шаруашылығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің аумағында орналасқан мал бағу нүктелері мен жеке шаруашылық қожалықтары.

№ 236 сайлау учаскесі

Орталығы: Қаражанбас вахталық поселкесі, "Қаражанбасмұнай" акционерлік қоғамының мәдени-демалыс орталығының қызыл бұрышы.

Шекарасы: Қаражанбас вахталық поселкесінде орналасқан "Қаражанбасмұнай" акционерлік қоғамының және өзге де кәсіпорындардың жатақханалары.

№ 237 сайлау учаскесі

Орталығы: Ақшұқыр ауылы, Балсұлу Сахиева көшесі № 350, Маңғыстау облысының білім басқармасының Түпқараған ауданы бойынша білім бөлімінің "Маршал Әбдіхалықов атындағы мектеп-гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Ақшұқыр ауылы, Ғұбайдолла Айдаров, Баланжан Қожашева, Жаңа Қоныс, Хусайын Төреханов, Әлқуат Қожабергенов, Ақжол, Серкебай Аленов көшелеріндегі барлық тұрғын үйлері, сонымен қатар I орамға кіретін барлық тұрғын үйлер.

№ 238 сайлау учаскесі

Орталығы: Бозашы вахталық поселкесі, "Buzachi operating LTD" компаниясы филиалының "Тренинг центр" ғимараты.

Шекарасы: Бозашы вахталық поселкесінің және өзге де "Солтүстік Бозашы" кен орнында орналасқан кәсіпорындар жатақханалары.

№ 239 сайлау учаскесі

Орталығы: Ақшұқыр ауылы, Әдек Жанашев көшесі № 49, Маңғыстау облысының білім басқармасының Түпқараған ауданы бойынша білім бөлімінің "Ақшұқыр мектеп-лицейі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Ақшұқыр ауылы, Сұлтанбай Наубетов, Борсақбай Әбілхайыров, Жүсіп Дүйсенбаев, Дүйіш Досаев, Бекбосын Қадырұлы, Әдек Жанашев, Жалау Қазиев, Қылыш Өтетілеуов көшелеріндегі барлық тұрғын үйлері, сонымен қатар V орамдарына кіретін барлық тұрғын үйлері.

№ 250 сайлау учаскесі

Орталығы: Сайын Шапағатов ауылдық округі, V квартал, № 118 үй, Маңғыстау облысының білім басқармасының Түпқараған ауданы бойынша білім бөлімінің "Сайын Шапағатов мектеп-гимназиясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Сайын Шапағатов ауылдық округінің IV, V орамдарына кіретін барлық тұрғын үйлері, сонымен қатар Сайын Шапағатов ауылдық округіне жақын орналасқан Доңға кен орнындағы "Dunga Operating GmbH" кәсіпорынының және оған қарасты кәсіпорындардың жатақханалары.

№ 259 сайлау учаскесі

Орталығы: "Қаражанбас" кен орнындағы вахталық поселкесі, "Қаражанбас" кен орнындағы "ҚазТрансОйл" акционерлік қоғамының мәжіліс залы ғимараты.

Шекарасы: "Қаражанбас" кен орнында орналасқан "ҚазТрансОйл" акционерлік қоғамының және оған қарасты кәсіпорындардың жатақханалары.

№ 280 сайлау учаскесі

Орталығы: Форт-Шевченко қаласы, Ораз Бозахаров көшесі № 42, Маңғыстау облысының білім басқармасының Түпқараған ауданы бойынша білім бөлімінің "Форт-Шевченко мектеп-лицейі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Форт-Шевченко қаласы, Орынбай Бәлдеков, Қосай Қаниұлы, Тұрсын Қожықов, Дүйімбай Тарғынұлы, Икембай Өтепбергенов, Айту Жолмағамбетов, Ұлан Елубаев, Қадір Ергенбаев, Тәбіш Қошақбаев, Нұрберген Исаев, Мұқан Мұналов, Құрбан Адырақов көшелеріндегі барлық тұрғын үйлері, сонымен қатар Хиту Бекжанов көшесінің 16-56 үйлері, Ораз Бозахаров көшесінің 31-45 үйлері, Жазмағанбет

Қызылбаев көшесінің 41-70 үйлері, Махмут Батыршев көшесінің 21-45 үйлері, Жамбыл Жаббаев көшесінің 41-75 үйлері, Форт-Шевченко қаласының Жаңа кетік шағын ауданының II, III, IV, V, VI, Па орамдарына кіретін барлық тұрғын үйлері.

№ 281 сайлау учаскесі

Орталығы: Ақшұқыр ауылы, Бегей № 120/1, Маңғыстау облысының білім басқармасының Түпқараған ауданы бойынша білім бөлімінің "Ақшұқыр мектеп-гимназиясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Ақшұқыр ауылы, Есболай Аманов, Ысқақ Шақратов, Батырқожа Есбосынов, Бүркітбай Сәрсенов, Ақберген Тлесов, Көжекбай Оңдасынов, Дана Нұрғалиева, Қорабек Тулеуов көшелеріндегі барлық тұрғын үйлері, сонымен қатар III және IV орамдарына кіретін және Бегей жеріндегі барлық тұрғын үйлері.

№ 282 сайлау учаскесі

Орталығы: Сайын Шапағатов ауылдық округі, VI орам № 232/1 учаске, Сайын Шапағатов ауылдық округі әкімі аппаратының "Сайын Шапағатов ауылдық округінің мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

Шекарасы: Сайын Шапағатов ауылдық округі, Найзабек Есетов, Бақыт Бозжігітов, Жолыбай Шахшабасов, Бердіхан Қарайшықов, Бердіхан Қарайшықов (II орам), Орынжан Өмірзақов (I орам) көшелеріндегі барлық тұрғын үйлері, сонымен қатар VI орамына және № 1 теңіз жағалауына кіретін барлық тұрғын үйлері.